

**Жылу энергетикасы объектілерін пайдалану және олардың техникалық жай-күйі, жылу өндіруші және жылу тасымалдаушы субъектілер бөлігінде жылу энергетикасы саласында және энергетикалық жабдықты пайдалану және олардың техникалық жай-күйі, энергия өндіруші ұйымдар (жаңартылатын энергия көздерін қоспағанда), энергия беруші ұйымдар және жүйелік оператор бөлігінде электр энергетикасы саласында мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде қолданылатын құжаттар мен актілердің нысандарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 1 қазандағы № 352 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 1 қазанда № 35185 болып тіркелді

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-2-бабының 3-тармағына, 6-3-бабының 3-тармағына, 6-4-бабының 13, 18 және 23-тармақтарына, "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 3-тармағына, 13-бабының 3-тармағына, 14-бабының 13, 18 және 23-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мына нысандар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытынды;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тексерулер тізімі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес тексерулердің жылдық тізімі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес тексеруді тағайындау туралы акт;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жұмыстан тыс уақытта тексеруді жүргізу туралы бұйрық;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес тексеруді ұзарту туралы акт;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес тексеруді тоқтата тұру туралы акт;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес тексеруді қайта бастау туралы акт;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес тексеру нәтижелері туралы акт;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі

А. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика  
және арнайы есепке алу  
жөніндегі комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2024 жылғы 1 қазандағы  
№ 352 Бұйрыққа  
1-қосымша

Нысан

### Қашықтан бақылау нәтижелері туралы ҚОРЫТЫНДЫ

1. Қорытындының жасалған күні мен нөмірі  
20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_
2. Бақылау органының атауы

---

3. Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы (жеке сәйкестендіру нөмірі/  
бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

4. "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-2-бабының 3-тармағына, "Жылу энергетикасы туралы"

Қазақстан Республикасының Заңын 12-бабының 3-тармағына сәйкес \_\_\_\_\_

негізінде қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытынды жіберіледі.

5. Қашықтан бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар

№	Анықталған бұзушылықтар тізбесі	Бұзушылықтар анықталған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері талаптарының тармақтары	Анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері
1			

6. Бақылау органы басшысының (не оны алмастыратын адамның) қолы

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

\_\_\_\_\_ лауазымы (қолы)

7. Қорытынды қолма-қол табыс етілген кезде

Бақылау субъектісі (объектісі) өкілінің қолы

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (алғаны туралы белгі, қойылған күні)

Ескертпе: Анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын бақылау органына қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыны табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсыну қажет.

Бақылау субъектісі қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, қашықтан бақылауды жүргізген және қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыны жіберген бақылау органына қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытынды табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі

2024 жылғы 1 қазандағы  
№ 352 Бұйрыққа  
2-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"  
Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі

(Т.А.Ә.)

(ҚОЛЫ)

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

## ТЕКСЕРУЛЕР ТІЗІМІ

Электр энергетикасы саласындағы 20 \_\_ жылға арналған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) тексерулер жүргізудің \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жылдық тізімі

(мемлекеттік органның атауы)

№	Тексерілетін субъектінің атауы	Жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Тексерілетін мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісінің орналасқан жері	Негізгі жабдықтың тозуы және (немесе) технологиялық бұзушылықтардың саны бойынша қауіп-қатер дәрежесі	Тексерілетін объектінің атауы	Тексерілетін объектінің орналасқан жері	Өткізу мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1							

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2024 жылғы 1 қазандағы  
№ 352 Бұйрыққа  
3-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"  
Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі

(Т.А.Ә.)

(ҚОЛЫ)  
20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

## ТЕКСЕРУЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ТІЗІМІ

Жылу энергетикасы саласындағы 20 \_\_ жылға арналған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) тексерулер жүргізудің \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жылдық тізімі  
(мемлекеттік органның атауы)

№	Тексерілетін субъектінің атауы	Жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Тексерілетін мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісінің орналасқан жері	Негізгі жабдықтың тозуы және (немесе) технологиялық бұзушылықтардың саны бойынша қауіп-қатер дәрежесі	Тексерілетін объектінің атауы	Тексерілетін объектінің орналасқан жері	Өткізу мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1							

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2024 жылғы 1 қазандағы  
№ 352 Бұйрыққа  
4-қосымша

Нысан

## ТЕКСЕРУДІ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ АКТ

1. Актінің күні мен нөмірі  
20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

2. Мемлекеттік органның атауы

3. Тексеруді жүргізуге уәкілеттік берілген адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы

4. Тексеруді жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың лауазымды адамдары туралы мәліметтер (кажет болған кезде)

5. Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы, оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, объектілер тізбесі

6. Тексеру түрі \_\_\_\_\_

7. Тексерудің нысанасы \_\_\_\_\_

8. Тексеруді жүргізу мерзімі 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейін

9. Тексеруді жүргізу негіздері \_\_\_\_\_

10. Тексерілетін кезең 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейін

11. Актіге қол қоюға уәкілеттік берілген лауазымды адамның қолтаңбасы

12. Бақылау субъектісі (объектісі) басшысының не оның уәкілетті адамының актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы

<b>Бақылау субъектісінің (объектісінің) құқықтары мен міндеттері</b>	
6-7-бап. Бақылау субъектісінің (объектісінің) не оның уәкілетті адамының мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері ("Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы)	17-бап. Бақылау субъектісінің (объектісінің) не оның уәкілетті адамының мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері ("Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы)
1. Бақылау субъектілері (объектілері) не олардың уәкілетті адамдары мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде:	1. Бақылау субъектілері (объектілері) не олардың уәкілетті адамдары мемлекеттік бақылауды жүзеге асырылған кезде:

1) бақылау органының тексеруді жүргізуге келген лауазымды адамдарын:

тексеруді жүргізу жиілігін сақтамаған;

тексеруді тағайындау туралы актіде (бар болса, мерзімін ұзарту, токтата тұру туралы қосымша актілерде) көрсетілген тексеру мерзімдері асып кеткен не өтіп кеткен;

жасалған не әзірленіп жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызда немесе хабарда, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де жолданымдарда көрсетілген уақыт аралығының шеңберінен шығатын кезеңге тексеру тағайындалған;

тексеруді жүргізу тиісті өкілеттіктері жок лауазымды адамдарға тапсырылған;

тексеруді тағайындау туралы бір актіде бірнеше бақылау субъектісі (объектісі) көрсетілген;

тексеру мерзімдері осы Заңда белгіленген мерзімнен асыра ұзартылған;

осы Заңда белгіленген талаптар өрескел бұзылған;

бақылау органының лауазымды адамдары осы Заңның 6-4-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсетпеген жағдайларда, тексеруге жібермеуге;

2) егер құжаттар мен мәліметтер тексеру нысанасына, сондай-ақ тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген кезеңге жатпайтын болса, оларды ұсынбауға;

3) қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыға, тексеруді тағайындау туралы актіге, тексеру нәтижелері туралы актіге, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға, сондай-ақ бақылау органы лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) бақылау органының немесе лауазымды адамдардың бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін шектейтін, заңға негізделмеген тыйымдарын орындамауға;

5) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру процесін, сондай-ақ бақылау органы лауазымды адамдарының мемлекеттік бақылау шеңберінде жасайтын жекелеген әрекеттерін аудио-, фото- және бейнетүсірілім көмегімен, бақылау органы лауазымды адамдарының қызметіне кедергі келтірмей тіркеп-белгілеуге;

6) үшінші тұлғаларды өз мүдделері мен құқықтарын білдіру, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы

1) бақылау органдарының тексеру жүргізуге келген лауазымды адамдарын мынадай жағдайларда:

тексеруді жүргізу жиілігі сақталмаған;

тексеруді тағайындау туралы актіде (бар болса, мерзімін ұзарту, токтата тұру туралы қосымша актілерде) көрсетілген тексеру мерзімдері асып кеткен не өтіп кеткен;

жасалған не дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызда немесе хабарда, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де жолданымдарда көрсетілген уақыт аралығының шеңберінен шығатын кезеңге тексеру тағайындалған;

тексеруді жүргізу оған тиісті өкілеттіктері жок лауазымды адамдарға тапсырылған;

тексеруді тағайындау туралы бір актіде бірнеше бақылау субъектілері (объектілері) көрсетілген;

тексеру мерзімдері осы Заңда белгіленген мерзімнен асырып ұзартылған;

осы Заңда белгіленген талаптар өрескел бұзылған;

бақылау органдарының лауазымды адамдары осы Заңның 14-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсетпеген жағдайларда тексеруге жібермеуге;

2) егер құжаттар мен мәліметтер тексеру нысанасына, сондай-ақ тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген кезеңге жатпайтын болса, оларды ұсынбауға;

3) қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыға, тексеруді тағайындау туралы актіге, тексеру нәтижелері туралы актіге, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға, сондай-ақ бақылау органдарының лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) бақылау органдарының немесе лауазымды адамдардың бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін шектейтін, заңға негізделмеген тыйымдарын орындамауға;

5) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру процесін, сондай-ақ бақылау органдары лауазымды адамдарының мемлекеттік бақылау шеңберінде жасайтын жекелеген әрекеттерін бақылау органдары лауазымды адамдарының қызметіне кедергі келтірмей, аудио-, фото- және бейнетүсірілімдер көмегімен тіркеп-белгілеуге;

6) өз мүдделері мен құқықтарын білдіру, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы тармақтың 5)

тармақтың 5) тармақшасында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында мемлекеттік бақылауға қатысу үшін тартуға құқылы.

2. Бақылау субъектілері (объектілері) не олардың уәкілетті адамдары бақылау органы мемлекеттік бақылауды жүргізген кезде:

- 1) бақылау органы лауазымды адамдарының бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;
- 2) коммерциялық, салықтық не заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, бақылау органының лауазымды адамдарына қағаз және электрондық жеткізгіштерде құжаттардың (мәліметтердің) көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ мемлекеттік бақылау нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділік беруге;
- 3) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;
- 4) мемлекеттік бақылау аяқталған күні қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындының, тексеру нәтижелері туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;
- 5) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;
- 6) егер осы Заңда не Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік бақылауды жүргізу кезеңінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;
- 7) бақылау объектісіне мемлекеттік бақылауды жүргізуге келген адамдардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік әсер ету факторларынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 8) бақылау субъектісінің (объектісінің) басшысы не оның уәкілетті адамы тексеруді тағайындау туралы актіні алған жағдайда, тексеру белгіленген мерзімдерде бақылау объектісі тұрған жерде болуға міндетті.

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы № \_\_ актімен таныстым, "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-7-бабында көзделген құқықтар мен міндеттер түсіндірілді.

Бақылау субъектісі (объектісі) өкілінің қолы \_\_\_\_\_

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

тармақшасында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында мемлекеттік бақылауға қатысуға үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

2. Бақылау субъектілері (объектілері) не олардың уәкілетті адамдары бақылау органдары мемлекеттік бақылауды жүргізген кезде:

- 1) бақылау органдары лауазымды адамдарының бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;
- 2) коммерциялық, салықтық не заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, бақылау органдарының лауазымды адамдарына мемлекеттік бақылау нысанасына сәйкес қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттардың (мәліметтердің) көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділік беруге;
- 3) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;
- 4) мемлекеттік бақылау аяқталған күні қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындының, тексеру нәтижелері туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;
- 5) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;
- 6) егер осы Заңда не Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, тексерілетін құжаттарға мемлекеттік бақылауды жүргізу кезеңінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне жол бермеуге;
- 7) мемлекеттік бақылауды жүргізу үшін бақылау объектісіне келген адамдардың зиянды және қауіпті өндірістік әсер ету факторларынан осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 8) бақылау субъектісінің (объектісінің) басшысы не оның уәкілетті адамы тексеруді тағайындау туралы актіні алған жағдайда тексеру тағайындалған мерзімдерде бақылау объектісі тұрған жерде болуға міндетті.

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы № \_\_ актімен таныстым, "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабында көзделген құқықтар мен міндеттер түсіндірілді.

Бақылау субъектісі (объектісі) өкілінің қолы \_\_\_\_\_

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі



## Нысан

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33339 болып тіркелген) Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларының 47-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларына сәйкес бұйрықтың деректемелері

Жұмыстан тыс уақытта

тексеруді жүргізу туралы

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

6-4-бабының 23-тармағына, "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан

Республикасының Заңы 14-бабының 23-тармағына сәйкес \_\_\_\_\_

(негіздемесі)

### БҰЙЫРАМЫН:

1. 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_ тексеруді тағайындау туралы  
актінің 3-тармағында көрсетілген адамдар \_\_\_\_\_

(бақылау субъектісінің (объектісінің)

атауы (жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

қатысты тексеруді 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_ минуттан

бастап 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_ минутқа дейін

жұмыстан тыс уақытта жүргізсін.

Бақылау органының бірінші басшысы \_\_\_\_\_

(не оны алмастыратын адам) (қолы) (қолтаңбаның толық жазылуы)

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

2024 жылғы 1 қазандағы

№ 352 Бұйрыққа

6-қосымша

## Нысан

### ТЕКСЕРУДІ ҰЗАРТУ ТУРАЛЫ АКТ

1. Тексеруді ұзарту туралы актінің күні мен нөмірі

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

2. Тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің тіркелген күні мен нөмірі

Тексеруді тағайындау туралы акт 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

3. Мемлекеттік органның атауы

---

---

4. Тексеруді ұзарту негіздері

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-4-бабының 8-тармағына, "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 8-тармағына сәйкес \_\_\_\_\_  
(бақылау субъектісінің (объектісінің)

---

---

---

атауы (жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)  
тексеру жүргізу мерзімі \_\_\_\_\_

---

---

---

байланысты 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін ұзартылады.

5. Бақылау органы басшысының (не оны алмастыратын адамның) қолы

---

---

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

---

---

лауазымы (қолы)

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2024 жылғы 1 қазандағы  
№ 352 Бұйрыққа  
7-қосымша

Нысан

**ТЕКСЕРУДІ ТОҚТАТА ТҰРУ ТУРАЛЫ АКТ**

1. Тексеруді тоқтата тұру туралы актінің күні мен нөмірі

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

2. Тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің тіркелген күні мен нөмірі

Тексеруді тағайындау туралы акт 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

3. Мемлекеттік органның атауы

---

---

4. Тексеруді тоқтата тұру негіздері

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-4-бабының 9-тармағына, "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 9-тармағына сәйкес \_\_\_\_\_

---

---

(бақылау субъектісінің (объектісінің)

атауы (жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

қатысты тексеру 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_

(тоқтата тұру себебі)

байланысты тоқтатыла тұрады.

5. Бақылау органы басшысының (не оны алмастыратын адамның) қолы

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

лауазымы (қолы)

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2024 жылғы 1 қазандағы  
№ 352 Бұйрыққа  
8-қосымша

Нысан

## ТЕКСЕРУДІ ҚАЙТА БАСТАУ ТУРАЛЫ АКТ

1. Тексеруді қайта бастау туралы актінің күні мен нөмірі

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_

2. Мемлекеттік органның атауы

3. Алдыңғы тексеру актілерінің тіркелген күні мен нөмірі

Тексеруді тағайындау туралы акт 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_

Тексеруді тоқтата тұру туралы акт 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_  
(бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы (жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-

сәйкестендіру нөмірі)

қатысты тексеру "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы  
6-4-бабының 9-тармағына, "Жылу

энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 9-тармағына  
сәйкес 20 \_\_ жылғы " \_\_ "

\_\_\_\_\_ бастап қайта басталады.

5. Бақылау органы басшысының (не оны алмастыратын адамның) қолы

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))

\_\_\_\_\_ лауазымы (қолы)

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2024 жылғы 1 қазандағы  
№ 352 Бұйрыққа  
9-қосымша

Нысан

## ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АКТ

№ \_\_\_\_\_

1. Актінің жасалған күні мен орны

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_, жасалған орны \_\_\_\_\_

2. Мемлекеттік органның атауы

3. Тексеруді тағайындау туралы актінің (бар болса, тексеру мерзімін ұзарту, тексеруді тоқтата тұру туралы қосымша актілердің)

күні мен нөмірі

Тексеруді тағайындау туралы акт 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Қосымша актілер болған кезде:

Тексеруді ұзарту туралы акт 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Тексеруді тоқтата тұру туралы акт 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Тексеруді қайта бастау туралы акт 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

4. Тексеруді жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

және лауазымы

5. Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы, оның тұрған жері немесе бақылау субъектісінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол

жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке немесе заңды тұлғаның тексеруді жүргізу кезінде қатысқан өкілінің лауазымы

6. Тексеру жүргізілген кезең 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін

7. Тексерудің түрі \_\_\_\_\_

8. Тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер

№	Анықталған бұзушылықтар тізбесі	Бұзушылықтар анықталған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері талаптарының тармақтары
1		

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы және (немесе) жылу энергетикасы саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар болмаған жағдайда тиісті жазба

9. Тексеру нәтижелері туралы актімен танысу немесе танысудан бас тарту, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан

адамдар туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тарту туралы жазба

10. Тексеруді жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолтаңбасы

Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар

Ескертпе: "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-4-бабының 18-тармағына, "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 18-тармағына сәйкес бақылау субъектісі қосымша уақыт және (немесе) қаржылай шығындар қажет болған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама өзіне табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, тексеруді жүргізген бақылау органына анықталған бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдері көрсетілген бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, оларды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

Бақылау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтініште анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шараларды және оларды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептерін баяндауға міндетті.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2024 жылғы 1 қазандағы  
№ 352 Бұйрыққа  
10-қосымша

Нысан

## АНЫҚТАЛҒАН БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ НҰСҚАМА

№ \_\_\_\_\_

1. Нұсқаманың жасалған күні мен орны

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_, жасалған орны \_\_\_\_\_

2. Мемлекеттік органның атауы

3. Тексеруді жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы

4. Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы, оның тұрған жері немесе тексеруді жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тексеруді жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы (болған кезде)

5. Тексеруді жүргізу күні, орны және кезеңі

Тексеруді тағайындау туралы акт 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_  
тексеру жүргізілетін орны \_\_\_\_\_

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
дейінгі кезеңде

6. Қазақстан Республикасының электр энергетикасы және (немесе) жылу энергетикасы саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған бұзушылықтардың тізбесі, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдар мен нұсқаулар және оларды жою мерзімдері

№	Анықталған бұзушылықтар тізбесі	Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұсынымдар мен нұсқаулар	Анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері
1			

7. Бақылау субъектісінің (объектісінің) не оның уәкілетті адамының нұсқамамен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы

мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тартуы

---

8. Тексеруді жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолтаңбасы

---

---

---

---

Мыналар болған кезде:

Жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары және тексеру нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері ( зақымдалған жабдықты қарап-тексеру актісі, техникалық бақылау құралдарының, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарының, регистрограмманың, осциллограмманың жазбалары, жедел журналдардан үзінді көшірмелер, түсініктеме жазбахаттар, схемалар, сызбалар, фото-, аудио- және бейнематериалдар, сауалнама парақтары және басқа да материалдар) \_\_\_\_\_ парақта.

Ескертпе: "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-4-бабының 18-тармағына, "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 18-тармағына сәйкес бақылау субъектісі қосымша уақыт және ( немесе) қаржылай шығындар қажет болған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама өзіне табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей , тексеруді жүргізген бақылау органына анықталған бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдері көрсетілген бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, оларды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

Бақылау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтініште анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шараларды және оларды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептерін баяндауға міндетті.

Нысан

## Анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

1. Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы (жеке сәйкестендіру нөмірі/  
бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

2. Жоспар жасалған күн 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

3. Тексеру жүргізген бақылау органының атауы

4. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

№ \_\_ нұсқамаға сәйкес бұзушылықтарды  
жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға сәйкес анықталған бұзушылықтар	Анықталған бұзушылықты жою жөніндегі іс-шараның атауы	Анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері
1			

5. Бақылау субъектісі (объектісі) өкілінің қолы

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

(қолы)